

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 2 шілдедегі N 266

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Z952709_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-күжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастырады, құқықтық статистика саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады."

2. 6-баптың 4-тармағы "заңдарда белгіленген нысандарда," деген

сөздерден кейін "сондай-ақ прокурор белгілеген" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 10-баптың 3-тармағында "басқармаларының" деген сөз "департаменттерінің" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 12-бапта:

1) 3-тармақта:

"құрылымын" деген сөзден кейін "департаменттер," деген сөзбен толықтырылсын;

екінші сөйлемдегі "Басқармалар" деген сөз "Департаменттердің, басқармалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

соңғы сөйлемдегі "Басқармалар" деген сөз "Департаменттерде, басқармалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-тармақта:

сөйлем басындағы "Басқармалар" деген сөз "Департаменттердің, басқармалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жөніндегі көмекшілерді," деген сөздерден кейін "департаменттердің," деген сөзбен толықтырылсын.

3) 5-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етуде жедел-ізвестіру қызметін, анықтауды және тергеуді жүзеге асыратын басқа да республикалық құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды және олардың қызметін үйлестіріп отырады;"

5. 48-баптың 1-тармағы "прокуратура органдары" деген сөздерден кейін " департаменттерінің," деген сөзбен толықтырылсын.

6. 49-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеген кезде сыныптық

шендер мемлекеттік қызметшілердің тиісті біліктілік сыныптарына теңестірілуі мүмкін."

7. 52-баптың 1) тармақшасы "қатынастары" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң күші бар Жарлығымен," деген сөздермен толықтырылсын.

8. 53-баптың 1-тармағы "сыныптық шені" деген сөздерден кейін "не біліктілік сыныптары" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.
Икебаева А.